

Жарыспалы Х мен Қ графемаларымен келетін сөздерді бірідендіру мәселесі

Сейітбекова Айнұр Аташбекқызы
Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына»
ұлттық ғылыми-практикалық орталығының
аға ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты,
Ұлттық комиссия жанындағы орфографиялық
жұмыс тобының мүшесі
Астана қ., Ainurseit@mail.ru

Араб, парсы сөздері қазақ тілінің лексикалық қорының біршама үлесін қамтитыны баршамамызға белгілі. Ауызша және жазбаша жолдармен енген бұл кірмелер тіліміздің сөздік қорынан берік орын алды. Оларды төл сөздеріміздей игеріп алдық. Дегенмен бүгінгі таңда араб және парсы тілінен енген бір мағыналы сөздердің түрлі нұсқада жазылып жүрген сөздердің саны да аз емес. Олардың жалпы санын Г.Мамырбекова «Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздігін» құрастырғанда 370 сөз екенін анықтады. Мысалы, *ақиқат/хақиқат, ақбар/ахбар* т.б. Осындай бір сөздің жазудағы түрлі нұсқалары газет беттерінде, оқулық мәтіндерінде жиі кездеседі. Бұл жазу мәдениетіміздегі жүйсіздікті көрсетеді. Әрине, бұндай қатардағы сөздердің ішінде діни ұғымдағы тілдік бірліктер түпнұсқа принципімен жазылып та, айтылып та жүр. Мәселен, *құснихат емес, хұснихат, қазірет емес, хазірет, Алла емес Аллах, дәрет емес, таһарат* т.б. Осындай қазіргі тілімізге бұрыннан игерілген діни сөздерді түпнұсқа бойынша айтуды қуаттаушылар да аз емес. Дегенмен бұл бүгінгі қазақ тілінің әдеби тілінің нормасына, айтылым заңдылығына қайшы келетінін ескерген жөн. Сондықтан латыннегізді жаңа әліпбиге көшкенде тіліміздегі түрлі нұсқада жазылып жүрген араб-парсы сөздерін бірідендірудің жолдарын нақтылап, орфографиялаудың маңызы зор.

Жалпы тіліміздегі араб, парсы сөздерінің енуін басты-басты екі дәуірге бөліп қарау керек сияқты. Алғашқы кезеңге қазақ халқының ұлттық кезеңіне дейінгі араб, парсы сөздері; екінші кезеңге қазақ халқының ұлт болып қалыптасқаннан кейінгі кезеңдегі араб, парсы сөздері.

VIII ғасырда бастапқы енген кезінен бастап XX ғасырдың алғашқы кезеңіне дейін араб, парсы сөздерінің түпнұсқасы сақталып жазылды. Себебі діни сарындағы поэзиялық шығармаларда, ресми ісқағаздарында араб сөздерін дәл жазу дәстүрге айналған еді. Араб жазуындағы киелі, қасиетті, конондық тіл деп саналатын құран тілінің орфографиялық нормасын өзгертпей жазу принципі болды. Оның мәні түркі халықтарының әрқайсысының тіліндегі өзіндік фонетикалық ерекшеліктерін ескерместен, барлығын бір жазу үлгісіне бағындыру еді. Әсіресе, діни ұғымдағы сөздерді дәл жазу, дәл айтуға тырысу мағына дұрыстығын сақтау қажеттілігінен де туған болар. Мысалы, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармасындағы діни

лексикалы сөздер тобы былайша көрініс табады: *алғуам, алип, ләм, нұн, ашһәрәт, жәуһәр, зәһр, тәуфик, үмбәт, фани, фатиха, фәрмен, фәрағат, хасил, хикмәт*, т.б.

Тіпті бұл үрдіс кейінгі қисса-дастандар тілінде, Абай мұраларында өз жалғасын тапты. Абайөз заманындағы қоғамда қалыптасқан діни атауларды қазақшаламай, сол күйінде пайдаланды.

Дегенмен де діни атаулардан басқа салаларда қолданылатын араб, парсы сөздерінің көпшілігі өздерінің бастапқы төл тіліндегі тұлғасы сақталмай, ауызекі сөйлеу тілінің әсерінен түрлі дыбыстық өзгерістерге ұшырап, әртүрлі таңбаланып жазба тілдегі нормасы ескерілмеді. Б.Әбілқасымов «Түркістан уялаяты газеті» тілінде араб-парсы сөздері өте сирек кездеседі, кездескеннің өзі о бастағы тұлғасын мүлде өзгерткен, халықтың ауызекі тілінде қолданылып кеткендері ғана», - деп көрсетеді [1,171]. Осылайша араб-парсы тілінен қазақ (жалпы түркі) тіліне сөз ауысу өткен ғасырларда, қарым-қатынас жасаудың ауызша формасы басым болып тұрған кезеңде жүрді. Сондықтан араб-парсы тілдерінен енген сөздер басқа түркі тілдеріндегі сияқты қазақ тілінде де қабылдаушы тілдің фонетикалық заңдылықтарына бейімделіп, төл тіліндегі бастапқы графикасынан мүлде алшақтап, түрліше жазылып, түрліше дыбысталды.

Яғни XIX-XX ғғ. ескі қазақ жазба шығармаларында көбіне діни ұғымдарға қатысты араб, парсы сөздерінің төл тіліндегі тұлғасы толық сақталып жазылса, ал одан басқа салаларда қолданылатын араб, парсы сөздерінің көпшілігі қазақ тілінің айтылымы бойынша түрлі нұсқаларда жазыла берген. Ескі қазақ жазба тілде кірме араб, парсы сөздері құрамындағы дыбыстардың таңбалануындағы ала-құлалықтардың мынадай себептері бары ескеріліп жүр:

- ауызекі сөйлеу тілінің әсері;
- тұрақты орфографияның болмауы;
- араб әріптерімен жазылған шығармаларды жариялаушылардың түрліше таңбалауы;
- диалектілер мен говорлардың әсері;
- өлең ұйқасымының талабына байланысты сәйкестендіру.

Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздерінің түрлі нұсқада жазылуының басты себебі – қазақ тілінің дыбыстық артикуляциясына сәйкес келмейтін арабтың **ح** «хә:», **خ** «ха:», **ح** «һә:», **ع** «айн» дауыссыз дыбыстары. Осындағы **ح** «хә:», **خ** «ха:», **ح** «һә:» дауссыздары ұлт зиялыларының жобаларында бірде **х**, бірде **һ**, бірде **қ** таңбаларымен белгіленген, кейбір жобаларда тіпті алынып тасталынған. А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытұлы, Ә.Байділдаұлы т.б. қазақ зиялылары **һ** дыбыс қазақ тілінде бар, оған арнайы таңба алу керек десе [2], Қ.Кемеңгерұлы, Е.Омаров, Т.Шонанов т.б ғалымдар **һ** дыбысы қазақ тіліне тән емес, сондықтан әліпбиден мүлде алып тастауға болады деп тұжырымдайды [3]. Тұрақты орфографияның болмау салдарынан арабтың **ح** «хә:», **خ** «ха:», **ح** «һә:», **ع** «айн» т.б. дыбыстары әртүрлі дыбыстық тұлғада көрініс тапқан.

Ақын-жазушылар шығармаларында арабтың ح «хә:» дыбысымен басталған сөздер бірде түсіп қалады, бірде а, ә, ү, и дауыстыларымен басталады, бірде қ, х таңбаларымен де көрініс табады:

حَرَامٌ (хәра:м) – арам, қарам, харам. Қарам пейіл, азар дұшпан (Аязби). Біреуді ызаландырмақ – шариғатта харам, шаруаға залал, ақылға теріс (Абай).

حَيَلَةٌ (хи:лә) – айла, ила, қайла, хайла, хәйлә. Балам салды ағашқа кеулеп жерді, алалық деп иламен мұнша зерді (Майлықожа). Бұл сөзімнің мәнісін ақылменен білетін, қайласы асқан сұм қайда? (Қожахмет).

Осылайша ХІХ ғасыр ақын-жазушылар шығармалары мен ауызша сөйлеу тілінде де х дыбысының حَاضِرٌ (хә:зир) – әзір, хазір, қазір, әзір; حَاكِمٌ (хә:ким) – әкім, кәкім, хақим, хақім, хәкім; حَرْفٌ (хәрф) – әріп, қарып, қаріп, харып, қарыф, харіп, харф; حَسْرَةٌ (хәсрат) – қасірет, гасірет, қасырет, хасрет, хасірет; حَيْرَانٌ (хәйра:н) – қайран, хайран т.б. әртүрлі тұлғада таңбаланғанын көптеп кездестіруге болады.

ح «хә:» дыбысы сөз басында сақталған жағдайда тоғысыңқы қ дыбысына ауысып, сөз бірде бірыңғай жуан дауыстылармен келсе, енді бірде үндесімі бұзылған нұсқалар да кездеседі: құқы(ү)қ, қажет, қазір. Үндесімі бұзылған соңғы сөздің жіңішке әзір/кәзір нұсқаларының да тілде қолданылуы тілдің жат сөзді өз заңына бағындыруының нәтижесі. Қазақ тілінде мұндай жуан дауыстылардың жіңішке дауыстыларға алмасуы тіл арты дыбыстарының тіл алдына жықжу үрдісімен түсіндіріледі [4, 149 б.].

Сөз ортасында бұл дыбыс жуысыңқы қ дыбысы арқылы беріледі. Мысалы, أَحْمَقٌ (әхмәк) – ақымақ, مَرْحُومٌ (мәрху:м) – марқұм, مَحْرُومٌ (мәхру:м) – мақрұм, مُخْتَلَجٌ (мухтә:дж) – мұқтаж, رَاحَةٌ (ра:хәт) – рақат, رَحْمَةٌ (рахмәт) – рақмет, т.б.

Сөз соңында бұл дыбыс қ дыбысы арқылы беріледі: أَرْوَاحٌ (әруә:х) – аруақ, مَدْحٌ (мәдх) – мадақ, مَزَاخٌ (мәзә:х) – мазақ. Мына сөздердің соңында түсіп қалады: نِكَاحٌ (никә:х) – неке, تَسْبِيحٌ (тәсби:х) – тәспі.

Сонымен ح «хә:» дыбысының қазақ тілінде сөздің барлық позициясында келуіне байланысты сөз басында, сөз ортасында әрқалай таңбалармен көрініс табады.

Ал خ «ха:» дыбысы ескі жазба мәтіндерде сөздің барлық шенінде қ немесе х дыбысымен беріледі, түсіп қалу құбылысы кездеспейді.

Сөз басында:

حَوْفٌ (хауф) – қауіп, хауып, хауыф. Хауіп-хатермен отырып жеген нығмет, бойға жүкпай, ас болмай обып кетер (Мақыш Қалтай).

Сөз ортасында:

رُحْصَةٌ (рухсат) – рұқсат, лұқсат, ұлықсат, ұрықсат.

مَخْلُوقٌ (мәхлу:қ) – мақұлық, махлұқ. Халыққа махлұқ арқылы жете алмады (Абай).

Бұл дыбыстың х әрпімен таңбаланған жағдайларын да кездестіруге болады: خَبْرٌ (хабәр) – хабар, خَلَائِقٌ (халә:'иқ) – халайық, خَلْقٌ (халқ) – халық, تَارِيخٌ (тә:ри:х) – тарих т.б.

Араб сөздерінің құрамындағы х-мен келетін сөздер қазақ тіліне игерілгенде көбіне-көп қ графемасымен таңбалану жиілігі жоғары болып жатады. Мысалы, *рахат* – 0, *рақат* –109, *бұхара* – 0, *бұқара* – 233. Бұл берілген көрсеткіштер ауызекі сөйлеу тілінің әсері болса керек. Себебі ескілікте жазбаша тілден гөрі ауызша сөйлеу тілі негізінде қалыптанған тілдік бірліктер халық санасында ерекше сақталып, қалай айтылса, солай жазуды қалыптастырған. Мәселен, «нағыз батыр» мағынасындағы игерілген «хас» сөзіндегі х таңбасына қарағанда қ-мен келетін «қас» сөзінің қолдану жиілігі жоғары екені байқалады. Осымен байланысты тілімізде *қас батыр* тіркесімен қатар жұмсалатын антонимдік мағынадағы *қас дұшпан*, сол сияқты *қас сұлу*, *қас тұлпар* сияқты оралымдар кездеседі.

Бұл жайында профессор Ә.Жүнісбек: «Қазіргі әліпбиде қолданылып жүрген [х] (*хабар*, *хат*, *хан*, *халық*) дыбысы, қатаң <қ> фонематинвариантының фонетикалық реңктерінің бірі», - деп көрсетеді [5]. 1929-1938 жж. латын графикасына негізделген әліпбиде кірме х дыбысының таңбасы жоқ болуына байланысты тілде бірнеше омографиялық элементтерді туғыздырған. Мәселен,

қор (бір нәрсенің жиынтығы), *хор* (музыка) – *qor* (*қор*);

қалық (антонимі – озық), *халық* (ел) – *qalyq* (*қалық*);

қабар (қабағын қабару), *хабар* (мәлімет) – *qabar* (*қабар*);

қан (денедегі), *хан* (билеуші) – *qan* (*қан*);

қал (мең), *хал* (жағдай) – *qal* (*қал*);

қат (қат болу – жетпей жату), *хат* (жазу) – *qat* (*қат*);

қақ (су), *хақ* (дұрыс) (*хақ тағала*) – *qaq* (*қақ*) түрінде таңбаланды [6, 97].

Яғни, ұлт зиялырымыздың тәжірибесіне сүйеніп, тіліміздегі *хат*, *хабар*, *хан*, *хақ* сөздерін қазақ тілінің дыбыстық артикуляциясына сәйкес *қат*, *қабар*, *қақ* деп таңбаласақ, омографтардың санын көбейтетініміз сөзсіз. Ал кез келген тілдің лексикалық сөздік қорының байлығы сол тілдің омонимдерімен емес, керісінше, синонимдерімен ерекшеленеді. Сондықтан латыннегізді жаңа әліпбиге көшу барысында қазақ тілі дауыссыздар жүйесінде араб-парсы тілдерінен енген сөздердегі «х» фонемасы бар кейбір сөздерді қазақ тілінің дыбыстық артикуляциясына сәйкес, мазмұндық деңгейіне нұқсан келмейтін жағдайда «қ» фонемасымен берген жөн. Мысалы, *рахмет-рақмет*, *дастархан-дастарқан*, *дархан-дарқан*, т.б. Себебі бұл сөздердегі х фонемасы қазақ тілінің дыбыстық артикуляциясына сәйкес келмейтін, араб тілінің дыбыстық жүйесіне негізделген жат дыбыс.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Әбілқасымов Б. Қазақ баспасөзі мен әдеби тілі тарихы бойынша зерттеулер. – Алматы, 2011. -271 б.
- 2 Байділдаұлы Ә. Жаңа әліппе туралы. – Қызылорда, 1928. –166 б. – 117-121 бб. // Байділдаұлы Ә. Біздің жобамыз // Еңбекші қазақ. –1924. –13 маусым.
- 3 Шонанұлы Т. Біздің жоба//Тілші, 1927. – №3, 5-6-бб.

- 4 Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.
5. Жүнісбеков Ә. Әліпби ауыстыруды жазу реформасына айналдыру керек. – Орал, 2007. – 32 бет.
6. Әміржанова Н. С. Латын әліпбиі негізіндегі қазақ жазуының графикасы мен орфографиясы (1929-40 жж.). 10.02.02 – қазақ тілі. – Алматы, 2009. -168 б.

Т.В.К.К.